

ҚР ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ

С.Д.АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА
УНИВЕРСИТЕТІ



МИНИСТЕРСТВО ЗДРАВООХРАНЕНИЯ РК

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.
Д.АСФЕНДИЯРОВА

«Ортопедиялық стоматология кафедрасы»
Кафедра меңгерушісі, м.ғ.д.,проф . Алтынбеков К.Д.

**Тақырыбы: Доғалы протездің құрылымы, қолдану көрсеткіштері,
қарсы көрсеткіштері. Артықшылықтары мен кемшіліктері.**

Дайындаған:

Факультет: стоматология


Топ: 12-001-2

Жетекшісі: Таупық Н.

ДОҒАЛЫ ПРОТЕЗ

Бюгель немістің “ Bugel” сөзінен аударғанда, «доға» деген мағынаны береді.

Доғалы протез – жартылай алмалы протездің бір түрі. Доғалы протез қаңқадан, жасанды тістерден және пластмассалы негізден тұрады. Доғалы протездің қаңқасының өзі доғадан, бекіткіш элементтен және ершігінен тұрады.



ҚОЛДАНУ КӨРСЕТКІШТЕРІ

- Тіс қатарының екі жақты соңғы кетігі кезінде;
- Тіс қатарының бір жақты соңғы кетігі кезінде;
- Тіс қатарының бүйір бөлігінде 3 тен артық тістер болмаған кезде;;
- Тіс қатарының алдыңғы бөлігінде 4 тен артық тістер болмаған кезде;;
- Тіс қатары кетігінің пародонт ауруларының асқынулары кезінде; ;
- Тірек тістер түбірлеріндегі созылмалы қабынудың болмауы;
- Доғал протездің негізі орналасқан шырышты қабат патологиялық үрдіске ұшырамаған болуы керек;
- Протез негізі орналасқан шырышты қабат минимальді батымды болуы керек;

ҚАРСЫ КӨРСЕТКІШТЕРІ

- Доғалы протездің құрылым бөліктеріне аллергиялық реакцияның болуы;
- Ауыз қуысының шырышты қабатында патологиялық өзгерістердің болуы;
- Тірек тістердің парадонт аурулары;
- Науқастың бұл протез түрін қаламауы;

АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ

- Тіс қатарының екі жақты шектелмеген кетігі кезіндеде шайнау қызметін қалпына келтірудің мүмкіндігі;
- Доғалы протездің қаңқасының тірек тістеріне берік бекуінің арқасында протездің қозғалуының алдын алып, шырышты қабаттың механикалық жарақаттануының сақтайды;
- Тірек – ұстағыш кламмерлерді қолдану, шайнау кезінде пайда болған қысымды тек шырышты қабатқа ғана емес, сонымен қатар тірек тістер арқылы парадонт тіндерінеде түсіреді;
- Доғалы протезді бекіту үшін оз осынен қисайған тістерді де тірек тіс ретінде қолдануға болады;
- Таңдайды толық жаппауына байланысты дәм сезудің бұзылмауы;
- Ауыз қуысының гигиенасын сақтаудың мүмкіншілігі;

КЕМШІЛІКТЕРІ

- Науқастың протездің құрылым бөліктеріне аллергиялық реакциясының болуы;
- Науқастың доғалы протездің металл доғасына бейімделуінің қиындығы;
- Протездің эстетикалық талапқа сай келмеуі;



ДОҒАЛЫ ПРОТЕЗ

ДАЙЫНДАУДЫҢ

КЛИНИКО - ЛАБОРАТОРИЯЛЫҚ

КЕЗЕҢДЕРІ

Клиникалық кезең

Лабораториялық кезең

I кезең

1. Науқасты тексеру;
2. Диагноз қою;
3. Протез құрылымын таңдау;
4. Жоғарғы және төменгі жақтан толық анатомиялық қалып алу;
5. Алынған қалыптың сапасын бағалау;

1. Суперғаныш пен медициналық ғаныштан екі жұмысшы мүсін дайындау;
2. Медициналық ғаныштан көмекші мүсін дайындау;
3. Медициналық ғаныштан жасалған жұмысшы мүсінде окклюзиялық біліктері бар балауыздық негіз дайындау;

II кезең

<ol style="list-style-type: none">1. Жақтардың орталық қатынасын анықтау.2. Диагностикалық мүсінді параллелометрде тексеру;3. Мүсінге доғал протез қаңқасының сызбасын сызу;	<ol style="list-style-type: none">1. Мүсінге доғал протез қаңқасының сызбасын сызу;2. Отқа төзімді мүсін дайындау;3. Қаңқа сызбасын отқа төзімді мүсінге көшіру. Отқа төзімді мүсінде протез қаңқасын балауызбен мүсіндеу;4. Құймаға жіберіп, металлға ауыстыру;5. Металл қаңқаны өңдеу;
--	--

III кезең

<ol style="list-style-type: none">1. Доғал протез қаңқасын ауыз қуысында шақтап көру.2. Жасанды тістердің формасы мен түсін анықтау;	<ol style="list-style-type: none">1. Металл қаңқаны соңғы өңдеу;2. Жұмысшы мүсінді қаңқасымен бірге артикуляторға немесе окклюдаторға бекіту;3. Жасанды тістерді орналастыру;
---	---

IV кезең

Балауыз құрылымды протезді шақтап көру;

1. Балауыз құрылымды пластмассаға ауыстыру;
2. Өңдеу, тегістеу, ағарту;

V кезең

1. Протезді ауыз қуысына кигізу;
2. Қажет жағдайда коррекция жасау;
3. Протезді күту және оған тез үйрену жайлы кеңес беру;